

**Істерді ведомстволық
мұрағатқа өткізуге
дайындау**

Мұрағат немесе архив (латын сөзі «archivum») – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын арнаулы мекеме.

Мекемелердің ескі құжаттарын сақтайтын бөлімі немесе жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған жәдігерлер жиынтығы да архив делінеді.

Жазба деректерді жинастырып сақтау ісі тұңғыш рет Мысырда Қытайда, Ежелгі Грекияда, Римде, тағы басқа елдерде мемлекеттік дәрежеде қолға алынды.

Қазақстанда дербес архивтің пайда болуы Бөкей ордасы архивімен байланысты (18 ғасыр). Қазақстандағы архив жүйесі (республика, салалық, аймақтық, т.с.с.) негізінен XX ғасырдың 20–30-жылдары қалыптасты.

Ұлттық архив ісінің бастауында А.Байтұрсынұлы, С. Сейфуллин, М. Жолдыбаев сынды мәдениет қайраткерлері тұрды.



Архив қызметінің басты бағыттары: қор жинақтау, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, қор құрамын зерттеп, жүйелеу, ғылым анықтамалар мен көрсеткіштер жасау; құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және жария ету. КСРО дәуірінде архив социализмді дәріптеудің идеологиялық құралы болды. Республикадағы барлық құжаттар айналымының 10%-ға жуығы коммунистік құндылықтар тұрғысынан мұқият сұрыпталып, мемлекет сақтауға – архивке жинақталды.



Тұрақты және ұзақ мерзімді құжаттарды сақтау үшін ұйымдарда ведомстволық мұрағаттар құрылады.

Тұрақты және ұзақ сақталудағы аяқталған істер екі жыл бойы құрылымдық бөлімшелерде ұсталады да, содан кейін ведомстволық мұрағатқа өткізіледі.

Құжаттарды ведомстваға тапсыру ісі: құжаттардың құндылығын сарапқа салуды, істерді ресімдеуді, істердің тізімдемесін жасауды, құжаттар мен істерді жоюға бөлу туралы актілер жасауды қамтиды.

2017 жылдың 16 желтоқсан айында елбасымыздың бағдарламалық мақаласы аясында Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің басшылығымен, Батыс Қазақстан облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен Орал қаласында «Рухани жаңғыру» музейі ашылды.

Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында республикада ашылып отырған алғашқы музей. Аталмыш музей төрт экспозициялық залдан тұрады: «БҚО киелі жерлері», «Ұлттық баспасөз тарихы», «Батыс Алаш Орда тарихы», «Жаңарған өлке» залдары.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

